

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
УӘЗІРЛІГІ

НАУАЙЫ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

Айменова Е. Р.

ҚАЗАҚ ТІЛІ


Фонетика

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

1 – курс «Педагогика» факультеті талапкерлері үшін

5141400 – Қазақ тілі мен әдебиеті

(оқу - әдістемелік құрал)



Науайы - 2007 ж.

Науайы мемлекеттік педагогика институты
2007 жыл ақпан айының _____ күнгі ғылыми кеңесінің
№ _____ жиналысында бекітілген.

ШКІР ЖАЗУШЫ

Филология ғылымының кандидатты
Орипов У.А.

ҚҰРАСТЫРҒАН

аға оқытушы Айменова Е.Р.

Науайы мемлекеттік педагогика институты
«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасының
2007 қаңтар айындағы 24 күнгі № _____ сан жиналысында
бекітілген.

Кіріспе

«Қазіргі қазақ тілі» фонетикасы 1 - курс талапкерлеріне арналған. Бұл көмекші құралда біріншіден, студенттердің «Қазіргі қазақ тілі» курсының фонетика тарауынан алған теориялық және практикалық білімін тексеруге мүмкіндік берсе, екіншіден, студенттердің өз бетінше жұмыс істеуіне көмек көрсету мақсаттары көзделді. Фонетиканың негізгі мәселелерін талдауға арналған әр түрлі материалдар бағдарламаға және оқулыққа сәйкес құрастырылған. Демек, жинаққа фонетика мен орфографияның барлық мәселелері дерлік қамтылды деуге болады.

Фонетика саласының өзіндік ерекшелігі, тіл мәдениетін жетілдірудің үлкен құралы- орфоэпия мен орфографияның нормаларын белгілеуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, грамматиканың морфология саласымен де, синтаксис саласымен де тығыз байланыста болады. Тіліміздегі аккомодация, ассимиляция, синграмонизм заңдары фонетикада дыбыстардың комбинаторлық алмасуын туғызса, морфологияда бір қосымшаның әр түрлі вариантта айтылуына, сөйтіп, оларды түрлендіруге үлкен роль атқарады. Бұдан шығатын қорытынды- студент фонетиканы жақсы меңгерсе, орфографиядағы және грамматикадағы заңдылықтарды жете түсінетін болады. Бұл мақсатқа жету

үшін аудитория және аудиториядан тыс жұмыстар орындау қажет.

Өзіндік жұмыс- жоғарыдағы мақсаттарды шешуде басты роль ойнайды. Өз бетінше жұмысты сабақ процесінің барлық кезеңдерінде, яғни сабақ кезінде және сабақтан тыс уақытта да жүргізуге болады. Берілген тапсырма міндетті түрде тексеріліп, орындау дәрежесіне қарай бағалануы керек. Өзіндік жұмыс сабақтың тақырыптарын, сағат сандарын, тапсырмалардың мазмұны мен мақсатын, жаттығуларды, қажетті әдебиеттерді және бағалау нормаларын өз ішіне қамтиды.

Өзіндік жұмыс орындауға нұсқаулар:

- әрбір өзіндік жұмыстың мақсаты мен мазмұнын анықтау;
- ғылыми еңбектерді үйрену, конспектілеу, тезистеу;
- творчестволық түрде әр түрлі жазбаша тапсырмалар орындау;
- керекті материалдармен танысу;
- мектеп бағдарламасындағы тақырыпқа сай білімдерді қайталау;
- жаттығуларды шартына сай орындау;
- көрсетілген әдебиеттермен толық танысу;
- орфография мен пунктуация ережелерін есте сақтау;
- өз бетінше жұмыс материалдарын педагогикалық практикада пайдалану;
- жиналған материалдар бойынша сөзпарақтар түзіп, оны әр түрлі мақсатта пайдалану.

24	Қосымшалардың жазылуы	2	Орыс тілінен енген кейбір сөздерге қосымшалардың жазылу ережесін үйреніңіз. Сөздік (475-477 бет)	Сұрақ- жауап.	1,5
25	Бас әрпінің қолданылуы	2	Бас әріппен жазылған сөздерді табу, сол бас әріптің қайда қолданылып тұрғанын анықтаңыз. жатт 50-51. (36-37 бет).	Сұрақ- жауап және жауаптарын тексеру.	1,2,3
26	Тасымал	2	Ғылыми әдебиеттермен танысып, тасымал емленің объектісі екенін білу, оның буын жігінде тасымалданатынына көңіл аудару. жатт 52. (39-39 бет).	Конспектiлеу, жаттығуды тексеру.	1,2,3
27	Ғылыми еңбек	2	А.Байтұрсыновтың «Тіл тағлымы», «Тіл құралы» еңбегін оқып, қажетті жерін жазып алу	реферат	1, 6

Пайдаланатын әдебиеттер тізімі:

1. С.Мырзабеков. «Қазақ тілінің фонетикасы» Алматы, «Қазақ Университеті» 2003 ж.
2. Ш.Бектұров. «Қазақ тілі» Алматы, «Мектеп» 2002 ж.
3. З.К.Керімбаева. «Қазіргі қазақ тілінен бақылау пысықтау жаттығулары» Шымкент, 2000ж.
4. М.С.Атабаева. «Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы» Алматы, «Білім» 2002ж.
5. М.Балақаев, І.Кеңесбаев. т.б. «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» Алматы, «Ғылым» 2001ж.

Оқу бағдарламасының мақсатына байланысты бакалавриат бағыты 5141400 – қазақ тілі және әдебиеті сай 52 сағат өзіндік жұмыс берілген.

Біздің негізгі мақсатымыз - талапкерлердің өз бетімен тіл фактілерін талдап дағдылануына, фонетикалық курстан алған теориялық білімін тереңдетіп кеңейтуіне, сөйтіп оны практикада меңгеріп алуына мүмкіндік туғызу.

№	Тапсырмалардың аты	Сағат саны	Өзіндік жұмыстың тапсырмалары мен мазмұны	Бақылау және бағалау формасы	Пайдаланатын әдебиеттер
1	Дауысты фонемалар	2	Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстырдың құрамы және оны есте сақтау. Оқулық (20-22 бет)	сызбалар түзу	1,2,3
2	Дауысты фонемалар	2	Монофтонг, дифтонг дыбыстар және олардың өзара айырмашылығы. Оқулық (23-24 бет)	Студенттердің орындау тапсырмаларының анықтамасы мен жауаптары.	1,2,3
3	Дауысты дыбыс емлесі	2	Дауысты дыбыс емлесіне байланысты орфографиялық ережелерді орындау. «Қ.т.орфографиялық сөздік» (472-473- б).	Сұрақ - жауап	1,2,5
4	Дыбыстардың емлесі	2	«У» дың дауысты, дауыссыз дыбыс таңбасы болып тұруын анықтау.(3-4 жатт). Оқу (18-19 бет)	мысалдар жинау	2,3,4
5	Дыбыстардың емлесі	2	«Я, Ю» әріптері бар сөздерді транскрипциялау, дыбыс саны мен әріп санын салыстыр. Сөздік диктант 21- б.	Орындалған жаттығу туралы ауызша сұрақ-жауап.	2,3,4

6	Фонетикалық құбылыстар	2	Протезалық, редукциялық жағдайда айтылып туратын сөздерді үйрену. (5-6-жат), оқу (6-7 бет)	Мысалдар жинау, жаттығуды тексеру.	1,2,3
7	Дыбыстар тіркесі	2	Шалкес және қайталама тіркестерді оқып танысу.	Конспектiлеу.	1,2,3
8	Буын және оның түрлері	2	Буын жайында жазылған еңбектерді оқып, қысқаша шолу жасаңыз. (10-11 бет) 3	реферат	1,2,3,4,5
9	Буын және оның түрлері	2	Буынның ауысуы, жылысуы сияқты құбылыстарды арыратып, себебін түсіндіріңіз. (16-жат)	Өңгімелеу, жаттығуды тексеру.	1,2,3,4,5
10	Үндестік заңы	2	Түсіндірме диктанты орындау. (30-31бет) «Диктанттар жинағы»	Сұрақ- жауап, диктантты тексеру.	1,2,5
11	Бунақ пен екпін	2	Өлең шумақтарын ритмикалық топтарға бөліп, дұрыс айтылуын жазыңыз. (Абай)	Орындалған жаттығу туралы ауызша сұрақ-жауап.	1,2,3
12	Логикалық екпін	2	Сөйлемдегі әр сөзге логикалық екпін түсіріп айтыңыз. жаттығу- 20. (14-бет)	Орындалған жаттығу туралы ауызша сұрақ-жауап.	1,2,3
13	Сингармонизм	2	Аралас буынды сөздерді анықтау, оларға қосымша жалғану заңдылығын түсіндіріңіз. жаттығу- 21. (15-бет)	Жаттығуды тексеру.	1,2,3
14	Сингармонизм	2	Комбинаторлық өзгерісті үйреніңіз, себебін түсіндір. жаттығу- 23-24. (16-17-бет)	Жаттығуды орындау және тексеру.	1,2,3
15	Дыбыстардың алмасуы	2	Ұяң дыбыстардың қатаңға айлану себебін түсіндіріңіз. жаттығу- 26-27. (18-бет)	Жаттығуды тексеру.	1,2,3

16	Дыбыстардың алмасуы	2	Мәтіннен спонтандық өзгерістерге байланысты дыбыстық алмасуларды тауып, түсінік беріңіз. жаттығу- 29. (19-20-бет)	Жаттығуды орындау және тексеру.	1,2,3
17	Аккомодация	2	Аккомодацияға байланысты ғылыми еңбектерді оқып үйрену.	Конспектілеу.	3,4,5
18	Аккомодация	2	Сөз ішіндегі және сөз аралығындағы аккомодацияны тауып, түрін анықтаңыз. жатт-30. (20-21-бет).	Ауызша сұрау, жаттығуды тексеру	1,2,3
19	Ассимиляция	2	Сөйлемдерден ассимиляцияның түрін, толық я жартылай ұқсатып тұрған- тұрмағанын көрсетіңіз. жатт- 33. (23-24-бет).	Жаттығуды орындау және тексеру.	1,2,3
20	Прогрессивті ассимиляция	2	Сөйлемдерден прогрессивті ассимиляцияға бағынбайтын қосымшаларды көрсетіңіз. жатт-37. (25-26- бет).	мысалдар жинау	1,2,3
21	Фонетикалық транскрипция	2	Фонетикалық транскрипция не үшін қолданылатына және кімдер үшін қажетті екендігін үйреніңіз.	Конспектілеу.	3,4,5
22	Графика және орфография	2	11- тапсырманы орындаңыз. (29-бет). Сұрақтарға жауапты жазбаша беріңіз.	Сұрақ- жауап және жауаптарын тексеру.	1,2,3
23	Сөздердің жазылуы	2	Бөлек жазылатын, біріккен, қос, қысқарған сөздердің емлесін үйрену.(32-33-бет)	Сұрақ- жауап.	1,2,3